



Жақыпова С.Қ.,
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрі

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ - ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ҚҰРАЛЫ

Әлеуметтік бағдарланған мемлекеттің қалыптасуы заманауи мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі басымдықтарының біріне айналды.

Мемлекет басшысы 2024 жылғы 7 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік саланың мәселелеріне айрықша мән берілді, «әлеуметтік көмектің тиімділігін арттырып, оның кімге және қалай берілетінін ойластыру керек, сонда бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беруге мүмкіндік туады». Еліміздің тұрғындарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету жүйесі елеулі реформаларға ұшырауда. Қазіргі заманғы сын-қатерлер әлеуметтік салада институционалдық трансформацияны жүргізуді негіздейді.

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын үйлестіру факторларының бірі азаматтарға, әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтары үшін әлеуметтік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жасанды интеллект (ЖИ) болып табылады. Министрліктің қамқорлығымен деректердің үлкен массивін біріктіретін әлеуметтік-еңбек қатынастарының цифрлық ақпараттық экожүйесі жүйелі түрде құрылуда

«Экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану аса маңызды»

Қ.-Ж. Тоқаев,

Қазақстан Республикасының Президенті


Үкіметтің кеңейтілген отырысы

7 ақпан 2024 ж.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша

«Әрбір министрлікте алдағы бес жылда жетекшілік ететін салаларда қандай технологиялар жаппай енгізілетіні туралы **кешенді көзқарасты** қамтамасыз ететін саланы **цифрлық трансформациялау картасы** болуы тиіс. Экономикалық прогресс пен инновацияларды енгізудің қозғаушы күші бола алатын **жасанды интеллектті дамыту үшін негізгі институционалдық ортаны** құру қажет».

Қазіргі заманғы сын-қатерлер жаһандық дамудың негізгі трендтерін айқындайды және ұлттық экономикалық жүйелердің ЖИ кеңінен енгізуге дайындығын тексереді. Сарапшылар қауымдастығы технологиялық прогрестің әлемдік экономикаға әсері бойынша оң болжам қалыптастырды. Price Waterhouse Coopers (PWC) мәліметтері бойынша, кәсіпорындардың 80%-дан астамы ЖИ құралдарын қолданады, бұл 2030 жылға қарай әлемдік ауқымда ЖИ-нің 14% - ға өсуіне әкеледі. McKinsey Global Institute өз бағасын береді - 2023 жылға қарай ірі компаниялардың 50% ЖИ технологияларының толық спектрін енгізеді. Жалпы, ХВҚ мамандарының пікірінше, жұмыс орындарының 60% ЖИ қолдануға негізделетін болады. Жүргізілген зерттеулер негізінде ЖИ өсу әлеуетін бағалау ЖИ нарығының орташа жылдық өсу қарқынын 37% мөлшерінде болжауға мүмкіндік береді.



Сурет – ЖИ енгізуге дайындықтың Жаһандық индексі.
(Халықаралық валюта қорының (IMF) мәліметтері бойынша, сәуір 2024 ж.)

Қазақстан негізгі цифрлық трансформациялық процестер трендінде тұр. Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында ЖИ технологиялары белсенді қолданылады. 6 млн. астам отбасын, 20 млн. астам адамды қамтитын әзірленген Отбасының цифрлық картасы (ОЦК) халықтың әлеуметтік әл-ауқатының нақты көрінісін көрсетеді және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша перспективалық шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Отбасының цифрлық картасы

Әл-ауқат деңгейі		Отбасы саны	Халық саны
A (қолайлы)		247 343	1 093 205
B (қанағаттанарлық)		2 549 238	9 000 5099
C (қолайсыз)		1 897 129	6 092 034
D (дағдарысты)		1 304 233	3 205 219
E (шұғыл)		288 689	714 637
		6 286 632	20 110 454

Еңбек жағдайлары бойынша ақпараттың жүйеленуі мен қолжетімділігі салалық және өңірлік бөліністерде кәсіпорындардың өндірістік және әлеуметтік тәуекелдерін интеграциялауға негізделген кәсіпорындардың цифрлық картасын (КЦК) құрумен қамтамасыз етілген. Жүйеде мониторингпен 300 мыңға жуық кәсіпорын қамтылған, оның ішінде – 12 мың ШОБ, 60-тан астам қаржы-экономикалық деректер, қауіпсіздік көрсеткіштері және еңбек қатынастарының басқа да сипаттамалары бойынша.

КЦК-ға еңбек шарттарының талаптары, әлеуметтік жарналар мен төлемдер бойынша мәліметтер кіріктірілген. Бұл еңбек ұжымы мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының толық бейнесін береді. Басқаша айтқанда, әлеуметтік-еңбек қатынастарының бірыңғай экожүйесі шеңберінде КЦК және ОЦК деректерін интеграциялау жұмыс орындарын мониторингілеудің цифрлық платформасын қалыптастырады және азаматтар мен олардың отбасыларының әлеуметтік қорғалу деңгейі туралы неғұрлым толық түсінік береді.

Онлайн форматта кәсіпорын туралы негізгі өндірістік сипаттамаларды қамтитын жалпы ақпарат, оның ішінде жұмыс орындарындағы жұмыскерлер ұшырайтын қазіргі және ықтимал тәуекелдің баға-

сы мен деңгейі туралы ақпарат орналастырылған. Цифрландыру арқылы еңбек саласының жай-күйінің ашықтығына қол жеткізілді, нәтижесінде КЦК енгізу кезеңінде өндірістік тәуекел деңгейі жоғары кәсіпорындар саны 15% - ға азайды.

Деректердің үлкен массивін жинақтай отырып, КЦК жұмысшылардың еңбек жағдайларына және олардың әлеуметтік қорғалу деңгейіне жедел мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта цифрлық форматта зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлердің саны бойынша деректер көрсетіледі – 1,6 млн. тексерілген кәсіпорындардың 7%, сондай-ақ диспансерлік есепте тұрған – 8,1 мың адам, өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан зардап шеккендердің саны - 1, 8 мың адам. Жалпы еңбек инспекторларымен 9, 7 мың адам өткізілді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздіктің цифрлық экожүйесі (КЦК)



7% жұмыскерлер зиянды жағдайда жұмыс істейді
(6,9 миллион жалдамалы жұмыскерлер ішінен)



172 кәсіпорындар ЖОМС шартын жасасты (белсенді заңды тұлғаларды 84% қамту)



3,7 млн жұмыскерлер өндірісте ЖО-дан сақтандырылған (жалдамалы жұмыскерлердің 64% қамту)



9,7 тексерулерді еңбек инспекторлары жүргізді

Цифрлық платформа КЦК мен ОЦК үйлестіруін қамтамасыз етеді, бұл халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты туралы неғұрлым сенімді түсінік қалыптастырады. Осылайша, әлеуметтік теңгерімсіздікті түзету және/немесе жою бойынша жедел шешімдер қабылдау үшін объективті жағдайлар қалыптасады. Кәсіпорындардың құрылатын цифрлық кешенді жүйесі Еңбек және Әлеуметтік кодекстерде белгіленген әлеуметтік кепілдіктерді толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік-еңбек қатынастарының барлық спектрін жүйелеу азаматтардың мүдделерін қорғаудың негізгі кепілі ретінде жұмыскер, жұмыс беруші және мемлекет арасында пәрменді әлеуметтік диалог жасайды.

Әлеуметтік диалогты белгілеу барлық мүдделі пайдаланушыларға өндірістегі нақты жағдай, қолданыстағы еңбек жағдайлары туралы цифрлық деректердің, сондай-ақ оқиғалар, жазатайым оқиғалармен авариялар және өндірістік жарақаттар туралы хабарлардың қисынды және дұрыс статистикалық ақпаратқа қол жеткізуге негізделеді. Осы инновациялардың барлығы жұмысшылардың мүдделерін қорғауға, олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған тиісті басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет. Деректер базасын үйлестіру және біріздендіру мемлекеттік, салалық және ведомстволық статистикалық ақпаратты үндестіруге ықпал етеді, бұл еңбек жағдайларының жай-күйіне пәрменді бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға және жұмыс істейтін халықтың өмір сүру сапасын түбегейлі жақсартуға жағдай жасайды.

Ақпараттандырудың жоғары деңгейі ақпаратты жедел өңдеуге жағдай жасайды және әлеуметтік-еңбек қатынастарының қажетті транспаренттілігін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік-еңбек саласында жасанды интеллектті қолдану кәсіпорындарда жеке еңбек шарттары мен ұжымдық шарт бойынша жұмыс істейтіндердің еңбек қызметінің шарттарын үндестіруге мүмкіндік береді. Еңбек қатынастарының ақпараттық ашықтығы ведомстволық кәсіпорындар жұмыскерлерінің әлеуметтік қорғалуының базалық қағидаттары мен шарттарын көрсететін салалық келісімді қалыптастыру және жасасу үшін айқындаушы факторға айналады. Осылайша, жұмыс істейтін халықтың еңбек қызметінің жеке, ұжымдық және салалық жағдайлары ел азаматтарының мүдделерін қорғауда тұрған мемлекет, кәсіптік одақтар мен жұмыс берушілер қауымдастықтары арасындағы Бас келісімнің негізін құрайды¹.

Ақпараттың өзектілігі әлеуметтік-өндірістік процестердің барлық қатысушыларының мүдделерін қанағаттандыратын уақтылы басқарушылық, теңдестірілген шешімдер қабылдау үшін өте маңызды. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіне жасанды интеллект құралдарын енгізу өндірістің экономикалық тиімділігінің өсуіне ықпал етеді.


Қашықтан жұмыс істейтін және еңбек жағдайларының ағымдағы жай-күйінің көрінісін хабарлайтын әзірленген мобильді қосымша кәсіпорынның цифрлық деректерімен синхрондалған. Бұл жұмыс орындарынан жедел және сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді. Цифрлық платформа жұмыс орындарындағы қауіпсіздік деңгейіне мониторинг жүргізуге, өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының болуын және деңгейін, төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының, жазатайым оқиғалардың, жарақаттардың, уланулардың басталуын анықтауға және басқа да деректерді алуға мүмкіндік береді. Жүй-

¹ Бас келісім


еде құрылатын стейкхолдерлердің, жұмыс берушілердің және кәсіподақ органдары өкілдерінің мобильді жеке кабинеттері өндірістік қауіпсіздік жағдайының мониторингін қамтамасыз ете отырып, әрбір жұмыс орны бойынша да, жалпы кәсіпорын бойынша да жедел деректерді ұсынады.

Өндірістік ортаның жай-күйі туралы цифрланған ақпарат интеграцияланады және кәсіпорындарда бар немесе ықтимал жағымсыз құбылыстар туралы уақтылы сигнал беруге қабілетті өңірдің әлеуметтік барометрінің жұмыс істеуі үшін негіз қалайды. Жасанды интеллект жүйеге енгізілген барлық кәсіпорындар бойынша өзекті деректерді талдайды, алынған ақпаратты синтездейді және аймақтық, салалық және макро деңгейлердегі еңбек тәуекелдерінің жалпы көрінісіне біріктіреді. Жүйемен 3 741 ірі кәсіпорын (33%), 8 599 орта кәсіпорын (67%) қамтылған.

Аймақтар бойынша мониторингпен қамтылған кәсіпорындар санын бөлу



Салалар бойынша мониторингпен қамтылған кәсіпорындар санын бөлу



Кәсіптік тәуекелдерді басқару үшін жасанды интеллектті енгізудің артықшылықтары оның аналитикалық құралдарын пайдаланумен, шешімдердің оңтайлы нұсқаларын әзірлеу мүмкіндігімен, даму сценарийлерін болжаумен байланысты. Деректерді өңдеу нәтижелері мамандандырылған ұйымдарға, менеджментке және кәсіпорын жұмыскерлеріне қолжетімді болады.

Бүкіл әлемде термиялық өңдеу технологияларымен байланысты салаларда айтарлықтай жоғары жарақаттану мәселесі тұр. Жоғары температура мен өрттің әсер ету қаупі оқшауланбайды және өнеркәсіптік кәсіпорындардың жалпы тәуекел картасына, оның тәуекел профилін бағалауға енгізілген. Төтенше жағдайлар министрлігінің деректерімен интеграцияланған Өндірістік тәуекелдерді цифрлық бақылау және мониторингтеу жүйесі өрт инспекторларының еңбегін қорғау және қауіпсіздік жөніндегі цифрлық деректерге қосылуын қамтамасыз етеді.

Кәсіпорындардың тәуекелдерін профильдеудің ашықтығы, жасанды интеллект негізінде алынған деректерді өңдеу және талдау жазатайым оқиғалар тәуекелдерін азайту, жұмысшылардың барынша әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, осыған байланысты өндірістегі үзілістерді болдырмау мақсатында өндірісті жаңғырту жөнінде тиімді шешімдер әзірлеу және қабылдау үшін дереккөз болады, еңбек өнімділігінің өсуіне және сайып келгенде өндіріс кірістілігінің ұлғаюына әкеледі.

Кәсіптік тәуекелдерді бағалауды цифрландыру, кәсіпорын бойынша басқа дерекқорлармен интеграциялау бизнес субъектілерінің қызметін бақылау мен мониторингті қамтуды барынша арттыруға, еңбекті қорғау саласында тиімділікке қол жеткізуге ықпал етеді. Келіп түскен деректер тиісті ақпараттық ресурстарға біріктіріледі және орталықтандырылады. Өндірістік объектілердегі объективті жағдай барынша ашық болады. Халықты әлеуметтік қорғаудың барлық бағыттары мен түрлері бойынша интегра-



цияланған ақпарат өңделеді және аналитикалық нысанда Министрліктің бірыңғай ақпараттық жүйесінде онлайн көрсетіледі.

Қалыптасқан әлеуметтік-еңбек қатынастарының кешенді цифрлық экожүйесінің транспаренттілігі жұмыскерлердің ақпараттың негізгі стейкхолдерлері ретінде тартылуын болжайды. Әрбір жұмыс орнындағы өндірістік ортаның қауіпті және зиянды факторларын мониторингтеу және бағалау нәтижелері, оның ішінде жұмыс істейтіндердің өздеріне де қолжетімді болады. Жұмыс орындарындағы ахуалды бақылау жарақаттану деңгейін, кәсіптік сырқаттанушылықты төмендетуді қамтамасыз етеді және сайып келгенде жұмыс істейтін халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Еңбек келісімшарттық қатынастарын ақпараттандыру әлеуметтік-еңбек саласында жасанды интеллектті қолданудың міндеттері мен бағыттары кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады. ЖИ жұмыскердің, жұмыс берушінің және кәсіптік одақтар мен қауымдастықтар өкілдерінің өзара іс-қимылын қоса алғанда, еңбек қатынастарын декларациялау үшін объективті база құрады, осылайша барлығы арасында әлеуметтік диалог қалыптастырады. Әлеуметтік кепілдіктер беру процесі түсінікті және қолжетімді болады, оның атаулылығы қамтамасыз етіледі, халықты ұлттық әлеуметтік қорғаудың сапасы әлемдік стандарттар деңгейіне ұмтылатын болады. Жұмыскер мен жұмыс берушінің шарттық қатынастарын цифрландыру зейнетақымен қамсыздандыруды, сондай-ақ өзге де әлеуметтік кепілдіктерді, жеңілдіктерді қоса алғанда, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларына байланысты жұмысқа орналасу, еңбекке ақы төлеу және әлеуметтік жәрдемақылар мен арнайы төлемдер тағайындау мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың ашықтығына, транспаренттілігіне әкеледі. Бұлтты бухгалтерлік есеп технологияларын қолдану арқылы құпиялылық пен шектеулі қолжетімділікті сақтай отырып, еңбекақы төлеу жөніндегі барлық есептік операциялар HR Еңбек ақпараттық жүйесіне біріктірілетін болады. Осылайша жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы қаржылық-экономикалық қатынастар халықаралық стандарттар деңгейіне келтіріледі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қаржы министрлігінің еңбек қатынастарын ақпараттандыру және платформаларын үйлестіру бизнес субъектілері мен азаматтарды салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге және оңтайландыруға мүмкіндік береді. Жария еңбек шарты азаматтарды платформалық жұмыспен қамтылған деп таниды, салық декларацияларын тапсырудан босатады. Барлық ресми төлемдер мен әлеуметтік төлемдер интернет-платформа операторы арқылы біріктіріледі.

Онлайн режимде төлемдердің дұрыстығы мен уақтылығына мүдделі тұлғалар осы операцияларды қадағалай алады. Сонымен қатар, ОЦК «көлеңкелі экономика» секторында жұмыс істейтін 66 мыңға жуық кәсіпорынды анықтауға мүмкіндік берді.

Еңбек қатынастарының цифрлық транспаренттілігі еліміздің индустриялық өңірлеріне, оның ішінде колледждер мен бейінді жоғары оқу орындарынан білікті кадрлар ағынының драйвері болады. Цифрлық технологияларды, мобильді қосымшаларды шебер меңгерген жастар үшін кәсіби практика, тағылымдама және жұмыс орнын табу мүмкіндігі ұлттық техникалық интеллигенцияны жасартудың маңызды факторы болады. Еңбек тапшылығы бар өңірлерде жұмыс күшімен қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеуге, оның ішінде көші-қон процестерін жоспарлау және мониторингтеу арқылы қол жеткізіледі. Осы мақсатта жұмыс істейтін халықтың аумақтық бөлінуі туралы мәліметтерді жедел режимде алуға мүмкіндік беретін тиісті цифрлық платформа құрылды.

Көші-қон процестерін бақылаудың цифрлық платформасы



Жұмыс күшінің көші-қонын бақылау ішкі және сыртқы көші-қон процестерін анықтайды, көптеген параметрлер бойынша, соның ішінде біліктілік деңгейі, кәсібі, кіріс және шығыс көші-қоны, сондай-ақ басқа да көрсеткіштер мен өлшемшарттары бойынша құрылымдық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Платформа еңбек шарттары бойынша деректермен біріктірілген.

Кәсіпорындардағы қауіпті жағдайды бақылауды қамтамасыз ету және жүзеге асыру үшін осы процестің әрбір қатысушысы белгілі бір сертификаттармен, біліктілік құжаттарымен расталған тиісті білімі, дағдылары мен құзыреттеріне ие болуы керек. Осыған байланысты кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мамандарды және мемлекеттік еңбек инспекторларын даярлаудың, олардың біліктілігін арттырудың және растаудың тиісті жүйесі қажет. Осы мақсатта Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми институттың ресурстарында оқыту және білімді тексеру жөніндегі онлайн-платформа құрылады, онда жасанды интеллект мүмкіндіктері де қолданылатын болады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кешенді ақпараттық жүйесін қалыптастыру Төтенше жағдайлар, Өнеркәсіп және құрылыс, Ауыл шаруашылығы, Қаржы, Ұлттық экономика, Ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерін, сондай-ақ өңірлік билік органдарын қоса алғанда, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялаудың ортақ міндетінің бір бөлігі болып табылады. Мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру - бұл жасанды интеллектті мемлекеттік басқару мен жоспарлауға енгізудің әсерін алудың ең жақын перспективасы.

Басқаша айтқанда, ЖИ әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамытудың барлық бағыттары бойынша енгізілетін болады. Жұмыспен қамтудың ақпараттық картасы, жұмысшылардың мониторингін енгізу, көші-қон процестерін цифрландыру еңбек ресурстарын басқарудың адам-орталық, бейімделгіш жүйесін қалыптастырады. КЦК-ны, әлеуметтік әріптестер үшін цифрлық платформаларды және әлеуметтік қамсыздандыруды ОЦК-мен бірлесіп интеграциялау әлеуметтік-бағдарланған мемлекет қағидаттарын транспаренттілік, атаулылық, мемлекеттің әлеуметтік қолдауының қолжетімділігі арқылы іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект негізінде әлеуметтік инновацияларды енгізу арқылы біз әлеуметтік-еңбек қатынастарының цифрлық экожүйесін құруға тырысамыз. Осылайша мемлекеттік жоспарлау мен басқарудың бірыңғай цифрлық жүйесі үшін жағдайлар қалыптастырылатын болады. Бұл цифрлық Қазақстанның қалыптасуына нақты үлес болады. Барлық шешімдер мен іс-әрекеттер мемлекет басшысының «барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер жасау, шын мәнінде мұқтаж адамдарды қолдау» әлеуметтік бағдарланған мемлекеттің басты міндетін орындау жөніндегі тапсырмаларын орындауға, еңбек нарығын одан әрі дамытуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.